

БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

"Отан - отбасынан басталады".ЖАРИЯЛАНДЫ
01.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/82275/>

«Отан — отбасынан басталады», -деп біздің дана халқымыз бекер айтпаған. Отан деп — ата-анам, туған-туыстарым, туған жерім деп білемін. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», -демекші ата-бабаларымыз бұл дана сөзді бекер айтпаған.

«Отансыз-адам

Ормансыз — бұлбұл», -деген мақалда терең ой жатыр. Әр адамның өз Отаны, туған жері, тілі, тарихы, отбасы болады. Біздің туған жерімізді ата-бабаларымыз қорғап, бізге мирас етіп қалдырған. Менің ойымша әр азаматтың өз Отаны үшін жан пида болуы шарт.

«Ер — ел үшін туады

Ел үшін өледі», — деген мақал-мәтел бекер айтылмаған. Әр азамат өз Отанын, туған жерін қорғап, өз еліне деген сүйіспеншілігі мен махаббаты молынан болуы тиіс. Біздің қазақ халқының еңсесі биік. Себебі еліміз аман, жұртымыз тыныш. Мен өз басым осы Қазақстан мемлекетінде туып-өскеніме мақтанамын, Өзіміздің Отанымыз, тіліміз, дініміз бар. Ата-бабамызға мың тағзым! Еңсесі биік елдің жас ұрпақтары — біздерміз. Сондықтан да біздің мемлекетімізге, әр жанұяға, күннен-күнге көркейіп, гүлденуіне тілектеспін.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.